

АҚПАРАТТАНҒАН ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры болып табылады, адамзат қауымы дамудың жаңа сатысына - ақпараттық қоғамға аяқ басты. Біз күе болып отырған қазіргі заманға зерттеушілер әртүрлі анықтама беруде: біріншілері «жаһандану» дәуірі деп атаса, екіншілері «постмодернистік», үшіншілері «ақпараттық» қоғам деп баға беруде. Бір анығы, біз «ақпараттық жарылысқа» негізделген ақпараттанған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі таңда қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш, бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – ақпарат құралдары арқылы басқару болып табылады. Ақпарат - кез келген шекараны бұзып-жарып өтіп кете беретін сынаптай сырғыған қару екендігін ұмытпаған абзал.

Бүгінгі XXI ғасырдың негізгі құндылығы - ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет-журналмен қатар ғаламтордың да үлес салмағы артып келеді. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Бүгінгі күні маңызды ақпаратқа ие болу - билікке ие болу дегенді білдіреді. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды. Олай болмаса біз өркениет көшінің артында қалып кетеміз. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осыған айғақ. Осындай әлемдік ауқымда жүріп жатқан заманауи үрдістен, өркениеттің көшінен біздің еліміз де қалыс қала алмасы түсінікті. Қаласақ та, қаламасақ та заман ағымы осылай.

Американдық социолог Э. Тоффлердің үшінші билік – ақпараттық билік деп айтуы да тегін емес. Ол біздің дәуірімізге тән негізгі белгілерді сипаттай отырып, мынадай баға береді: «Интерактивтілік, мобильділік, өзара байланыс мүмкіндігі, қайтымдылық, жаһандану секілді белгілер. Осылардың барлығы ендігі таңда жаңа биліктің – ақпараттық биліктің маңыздылығын көрсетеді» [1, 34 б.]. Бұл жана, құдіретті және алғыр ақпараттық технологияның қанат жаюуымен байланысты және бүгінгі таңда биліктің басты ресурсы ретінде білім мен ақпарат табылады. Ақпаратты өндіру, оны алмасу және тұтыну басқару қызметінің ең қажетті атрибуты болып есептелетін бүгінгі таңда - бұл біз өмір сүріп отырған дәуірдегі өзекті мәселелердің біріне айналууда. Жаңа ақпараттық технологиялардың енуі дәстүрлі басқару саласын түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қазіргі таңда бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік процесі қарқынды түрде жүруде. Қазіргі шетелдік ақпарат жүйесінде



бұқаралық ақпарат құралдары биліктің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Қазіргі зерттеушілердің айтуынша, ақпараттың пәрменділігі өзінің әсер етуі жағынан ядролық қарудан асып түспесе, кем түспейтін көрінеді.

Бұл дәуірде басқару құбылысы құлақ естіп, көз көрмеген дәрежедегі мүмкіндікке ие. Ақпараттандыру адамзаттың жаһандық сарқылмас қорына айналып, ақпарат билеген үздіксіз қозғалысқа ие дәуірге аяқ басты. Ақпараттандыру, басқару мен ұйымдастыру жаңа өркениеттік дәуірде прогреске жетелейтін зор локоматив секілді мемлекеттердің дамуында қозғаушы күш қызметін атқаруда.

Басқару мәдениетінде рационалды бастау, білім, заманауи концепциялар, ғылыми технология ерекше маңызға ие. Заманауи білімсіз қоғамды реформа-лауға, мемлекеттік реттеуді сауатты жүзеге асыру бүгінгі жағдайда мүмкін емес.

Бәрімізге белгілі ағылшынның «менеджмент» (басқару) сөзі өзінің бастауын латынның «манус - қол» деген сөзінен алған. Алғашқы кезде ол жануарларды басқаруға және жылқы малына бас білдіру өнерін білдірді. Содан кейін ғана бұл сөз адам іс-әрекеті шеңберіне ауысып, адамдар мен ұйымдарды басқарудың тәжірибесі мен ғылым аймағын білдіре бастады. Басқару – бұл мақсатқа жету, қоғамның міндеттерін, пайдалы қорытынды алуға бағытталған, белгілі әдіс-тәсіл мен әрекеттердің көмегімен тиімді ұйымдастыру. Ерекше басқару болып жатқан әрекеттердің мәнін танудан, жаңа идеяларды ұсынумен, ақыл-ойға негізделген басқарудың деңгейімен анықталады. Инновациялық мақсат пен міндеттерді, бірегей әдістерді қолданбай басқару процесі тиімді болмайды. Негізінде басқарудың төрт негізгі қызметі бар: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Бүгінгі күні персоналды басқару мәселесі қоғамдағы ең өзекті сұрақтардың біріне айналуда. Әрбір басқарудың негізінде адами фактор тұруы қажет. Мысал ретінде жапон менеджментін айтуға болады. Жапонияның басқару мәдениеті классикалық еуропалық менеджмент тұжырымдамасы мен жапон дәстүршілдігінің қосындысынан құралған. Олар өздерінің төл тұжырымдамасын жасап шығарды. Жаңа технологияның барлығы адамның еңбекке деген мотивациясын оятуға негізделген. Жапон өндірісі жұмысшы үшін келісім, қауіпсіздікке негізделген. Бұл өндірісті ұйымдастыруда техникалық жағына аса көп мән беретін американдық басқаруға қарағанда әлдеқайда тиімді.

Ақпараттық қоғамдағы басқару бірнеше мағынаға ие:

1. Қоғамдық пікірге, саясат пен мәдениетке, кәсіпкерлік іс-әрекетке ықпал ететін әлеуметтік және экономикалық институт ретінде.

2. Рухани өндіріс және медиаөнімдерді (газет, журнал, кітап, фильм, телебағдарлама, DVD, CD тауарлары) саласындағы басқару ісімен айналысатын адамдар тобы.

3. Ақпаратты өндіру мен тұтыну процестерін, медиа техникалық-ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық қызмет түрінде.

Ақпараттық қоғам төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады: ақпараттық-технологиялық жарылыс тудырған қоғамның жаңа түрі, ақпараттық білімге



негізделген қоғам, ақпарат алмасуда уақыт, кеңістік, саяси шекаралар деген ұғымдардың әсері жоқ жаһандық қоғам. Ақпараттық қоғамда биліктің, оның институттарының дамуына мүмкіндік беретін ең алдымен озық ақпараттық технологиялар негізінде құрылатын барлық деңгейдегі коммуникативтік өзара қатынастың жаңа жүйесін жасау болып табылады. Оған қоса, соңғы кездері әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік басқару күрделене түсуде, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілер саны да артып барады. Ал оларды оңтайландырудың бірден-бір жолы – тиімді ақпараттық басқару жұмысын дұрыс жолға қою. Мұның барлығы жаңаша ақпараттық технологияларға деген биліктің мұқтаждығын өсіре түсуде. Бүгінгі ақпараттандыру дәуірінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мен саяси жүйеге енгізу ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кепілі болып қалуда.

Ақпараттық қоғам алаңында ақпарат пен білімге негізделген жаңа биліктің түрі басымдыққа ие болып келеді. Жаңа биліктің негізгі сипаты болып – білімнің синтезі ретіндегі интеллект, ақпарат пен коммуникация, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың рухани күші секілді ерекшеліктер бейнеленуде. Қоғам неғұрлым интеллектуалды қоғамға айналған сайын, ондағы қоғамдық пікір мен әлеуметтік психиканың ерекшеліктерін ескермей, сол қоғамдағы басқару қиынырақ болады.

Соңғы жылдары адами, қаржылық, материалдық ресурстармен қатар басқару процесінің маңызды ресурстарының бірі ақпарат саналып отыр. Бүгінгі қалыптасып келе жатқан жаңа өркениеттің – ақпараттық өркениетте ақпарат стратегиялық маңызға ие болып отыр. Ақпаратты алудың көпканалды жүйесі туралыталдай отырып, Тоффлер бейнелі тілді қолданады: «Ақпараттық жарылыс тікелей адамдардың ортасында жарылып, бізге бытыраңқы бейнелерді бере отырып, біздің ішкі әлем мен ішкі әрекеттеріміздегі қабылдауды түбірлі өзгертуде. Біздің басымызда бейнелердің қоймасы өмір сүретін секілді, біздің әр әрбіреуіміз шынайлықтың менталды моделін жасаймыз» [1, 46 б]. Ақпаратты өндіру мен тұтыну қоғам өмірінің барлық саласындағы даму мен тиімді басқарудың негізіне айналып отыр. Қазіргі заманғы талап бойынша, ақпаратқа ие болу мүмкіндігі қоғамның барлық мүшелері үшін өмірлік маңызға ие құндылыққа айналып отыр.

Ақпараттандыру адамзаттың жаһандық сарқылмас қорына айналып, ақпарат билеген үздіксіз қозғалысқа ие дәуірге аяқ басты. Бұл дәуірде басқару құбылысы құлақ естіп, көз көрмеген дәрежедегі мүмкіндікке ие. Ақпараттандыру, басқару мен ұйымдастыру жаңа өркениеттік дәуірде прогреске жетелейтін зор локоматив секілді мемлекеттердің дамуында қозғаушы күш қызметін атқаруда.

Әлеуметтік басқаруда ақпарат объект пен субъект басқарудағы байланыстырушы буын қызметін атқарып, басқару іс-әрекетін дайындауды қамтамасыз етуде, басқарушылық шешім мен оның қортындысын сипаттауда үлкен мәнге ие. Бұқаралық ақпарат құралдарының тағы да бір негізгі қызметтерінің бірі, тіршілік ортасы мен қоршаған ортаны, әлемді игеру мен қайта жасау немесе өзгерту болып



табылады. Индивид бұқаралық ақпарат құралдарынынан алынатын ақпарат арқылы, оны әртүрлі көзқараста: философиялық, адамгершілік, экономикалық, эстетикалық, құқықтық тұрғыда талдай отырып, әлем жайындағы өзінің танымын кеңейтеді, сонымен қатар өзін қоршаған әлемде тану ниеті, адамзат болмысы мен табиғатының құпиясына енуге және білуге құштарлығы оянады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін ақпарат индивидтің «тікелей тәжірибесінің» шекарасын кеңейтумен қатар, тұлғаның қалыптасу процесіне, дүниетанымдық бағытына ықпал етуге қабілетті екендігін дәлелдеуде.

Ақпараттық қоғамдағы басқару басқарушылық және саяси қызметті нақты атқарады. Ақпараттық басқарудың адамдардың сезімі мен санасына мықты, көпқырлы және көлемді билігін ескере отырып, оны «төртінші билік» деп атауы тегін емес. Алайда, С.М. Гуревичтің, «бұқаралық ақпарат құралы – билік емес, бірақ керек кезде оның билігін шектей алатын, билікке нақты ықпал ете алатын, қоғамдық ойды көрсете отырып, өте маңызды күшке айнала алады», деген тұжырымдамасымен келісуге болады [2, 13 б.]. Осыдан келіп шығатын қорытынды: Бұқаралық ақпарат құралдары – бұл қоғам мен мемлекеттің, әлеумет пен биліктің арасындағы сарапшы, қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш болып табылады.

Ақпаратты қолдану және алмасу тікелей технологияның дамуының нәтижесі деп білуге болады. Бұл сонымен қатар адам ақыл-ойының жемісі екендігін ұмытпауымыз қажет

Біз әлі негізі ақпарат болып табылатын өркениетті өмір сүріп жатқанымызды білмейтін де шығармыз. Біз енді ғана Г.М. Маклюэннің «глобалды ауыл» ойын қабылдай бастадық. «Ғаламтор» әлемді бір ақпараттық жүйеге біріктірді, жаңа ойлау мен «әлемдік» сананы қалыптастырды. Қазіргі кездегі видео, теледидар, интернет арқылы таралатын сонғы жаналықтар ұсыныстары адамға басқа әлемді тану мақсатымен қатар “виртуальды” әлемнің жетістіктерін өзінің шығармашылық әрекетінің идеясын іске асыру мақсатында қолданып, экранмен интерактивті уақыт тәртібі бойынша индивидуалдық қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызуда. Бірақ біздің санамызды шоу-бизнес, табиғи апаттар, атыс-шабыс сарынындағы ақпараттар емес, бізді бірінші кезекте елдік мәселелер толғандырып тұруы тиіс. Біздер үшін қоғамдық пікірді таратып қана қою аз, оны қалыптастыра да білуіміз керек. Өкінішке қарай, елдегі кейбір ақпарат құралдары арасында оқырман, көрермен пікірімен санаспау, өз идеясын зорлап тану пиғылы басым болып барады. Бұл, әсіресе, тәуелсіздік терісін жамылған басылымдарға қатысты. Әрине, кез-келген газеттің ұстанған бағыт-бағдары болады. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай өз аудиториясын табады. Бірақ, жалған сенсация қуып арзан ақпаратқа, тапсырыстағы дүниелерге, мазмұны мәнсіз мақалаларға ешқандай жол бермегені абзал. Аталған ақпаратты бүге-шігесіне дейін анықтап, нақты түсіндіру әрбір бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті болып табылуы керек.



Ақпараттануды проблема ретінде қарастыру үшін қауіпсіз ақпараттану қандай болу керектігін жақсы ұғынып алу керек. Егер халық билік органдарының қызметі туралы қажетті ақпарат алмаса, онда теріс ақпаратты айқындау мүмкіндігі болмайды және оның қоғамға деген қауіпін де тану қиынға соғады. Тек қана ақпараттарды салыстыру арқылы мәселені шешуге болады. Яғни халық алдында таңдау әрқашанда болу керек. Халықтың билік органдарының қызметі туралы хабардар болуы бірнеше талаптарға жауап беру керек:

1. Негізгі талаптардың бірі халыққа жеткен ақпараттың ақиқатқа барабар болуы, олай болмағанда, аталмыш ақпараттың жалған болғандығын көрсетеді.

2. Ақпарат толық болу керек. Халықтың өзі жеке билік көзі, сол себепті билік басындағы іс әрекеттер туралы нақты толық ақпаратпен қамтамасыз болуға халық құқылы. Тек толық ақпараттандырудың арқасында ғана халық белгілі бір келісім, шешім қабылдауына кепілдік бере алады. Тиісті әрекеттерді қамтып, қажетті жағдайларды ескертетін толық ақпарат ешқашан зиян келтіре алмайды. Егер ондай ақпаратқа қажеттілік тумаса, онда ол толыққанды ақпарат болып есептелмейді. Қоғамның хабардарлығының деңгейі, ақпаратқа қол жеткізу дәрежесі демократияланудың түйінді мәселесі. «Ашық ақпарат – демократияның басты кепілі», шынайы ақпарат көбейген сайын демократия арта береді, сенім еселене түседі. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры екендігі және осы пікір өзінің қаншалықты нақтылығын бұл күнде әбден дәлелдеді.

Халықтың ақпараттануы мемлекет үшін қауіпті болмайды, керсінше егер уақытылы және толыққанды болса пайдалы, игілікті болады. Ақпараттану ақпараттан хабардар болу дегенді білдірсе, онда материалды және рухани өмірге өз әсерін тигізетін бұл саладағы мағлұматтар билік қызметінің мәліметтерін де қамту керек.

Егер басқарушы тұрғысынан қарайтын болсақ, ақпарат бұл жерде «қандай да бір мәліметтердің, деректердің, қатынастардың, оқиғалардың қосындысы және қолдануға жарайтын жинақталған, жүйелеген» [3, 54 б.] түрі ретінде болады. Бірақ басқару аймағында барша ақпаратпен емес, тек басқару іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысты басқарушылық ақпаратпен ғана өзара қарым-қатынас жүзеге асырылады.

ХХІ ғасырда Қазақстанда жаңа басқару мәдениеті қалыптасуда. Оның негізгі мәні: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында медиамәдениет қоғам мен мемлекет, индивид пен билік арасындағы делдал қызметін атқаруда. Тәуелсіз ел ретінде әлемдік ақпарат кеңістігіне енген қазіргі танда жалпы бұқаралық ақпарат құралдарына деген теориялық және практикалық көзқарас өзгерді. Сонымен бірге, біздің халықаралық қатынаста жаңа белеске шығуымыз бұқаралық ақпарат құралдарымызға басқа елдердің тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысуына мүмкіндік туғызды.

Бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Ол насихатшы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой-



санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы болып отыр. Сондай-ақ, баспасөз саласында бәсекелестік пайда болып, мемлекеттік емес газет-журналдар да жарық көруде.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні, халқымыздың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны, атқарар қызметі өте салмақты болып отыр. Бүгінгі таңда қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш, бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – ақпарат құралдары арқылы басқару болып табылады.

Қазіргі кезде қазақстандық қоғамның барлық саласында ақпараттандыру процесі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сай модернизациялауға барынша күш салынып жатыр. Осыған байланысты Қазақстанның саяси жаңғыруындағы аса маңызды факторлардың бірі – ақпараттық басқарудың қалыптасуы мен дамуы болып табылады. Батыстық мәдениет тасқынын тоқтатып, оған қарсы тұрудың бірден-бір жолы ұлттық сананы көтеру, халқымыздың ғасырлардан келе жатқан мұраларын, ұлттық құндылықтарын барынша ұтымды пайдалана біліп, халық санасына жеткізе білу болып табылады. Осы орайда еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелуде. Олай дейтініміз, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді тудырып қана қоймай, ақпараттық кеңістігімізді қорғап, қоғам санасын қалыптастырушы құрал ретінде өмірдегі барлық жақсылық пен жамандықты алдымен байқап, насихаттауы, түсіндіруі тиіс.

Ал ақпараттық ғасырға аяқ басқан тәуелсіз Қазақстанның әлемдік үрдістен кенже қалмауы мен технологиялық, мәдениеттік, өркениеттік сапасын арттырудың бір бағыты - саяси жүйені заман талабына сай жаңғыртып, ақпараттық басқаруды қалыптастыру мен дамыту екені анық. Осының барлығы Қазақстан қоғамы үшін маңызды саяси міндеттерге, стратегиялық құжаттарға ұласып жатқан маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі медиа мемлекет тәуелсіздігінің нығаюы мен көркеюі жолында үлкен рөл атқаруда. Әсіресе, ұлттық тіл мен экономика, еліміздің тәуелсіздік идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданында бітіспес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады. Кабельді теледидар және Интернеттің пайдасымен ұлттық қауіпсіздікті қорғауы мен сөздің бостандығымен байланысты жаңа тауқыметтер пайда болды. Қазақстан – басқа ұлттардың сақталған ұлттық ерекшеліктеріне құрмет көрсетіп біртұтас мәдениетті қауымға біріккен әр ұлтты халықтар тұратын ел. Қазіргі жағдайда бұл айырмашылықтар ұлттар мүдделерін қорғау мақсатында қай ақпаратты құпия сақтау керек екенін әр түрлі пікірлер туғыздырады. Алайда, баспасөздегі кейбір сұрақтардың жариялауы ма-



ңызды келіспеушіліктер кезіктіреді. «Егер ұлттық қауіпсіздікке залал келтіретін ақпаратты дүниежүзілік жүйеден оңай алуға болса, қай деңгейде жағымды шешілсе де осындай ақпаратқа тыйым салу қажет пе? Осы мәселені де заң шығарушыларға шешу қажет» [4, 101 б.]. Бұл да күрмеуі шешілмеген мәселелердің бірі.

Қандай да бір мемлекет, соның ішінде Қазақстан Республикасының билігі нәтижелі жүзеге асуы ақпаратпен қамсыздандырылуына байланысты. Саяси құрылымның позитивті қызмет атқаруы, саяси сананың дамуы, саясаттың объектісі мен субъектісінің өзара әрекеттесуі ақпаратсыз мүмкін емес. Бүгін қазақстандық электрондық үкіметтің қалыптасуы мен дамуы саяси өмірде өз орнын тапты, электрондық үкімет іс жүзінде қоғамымыздағы әлеуметтік көлбеу және тік қарым-қатынастар мен саяси коммуникацияны қамтитын кең әрі терең ұғым. Сондықтан осы өзекті мәселені әлеуметтік-философиялық тұрғыда зерттеу, электрондық үкіметті жасақтаудың әлемдік тәжірибесіне салыстырмалы саяси талдау жасай отырып, оның жаңа жолдарын іздестіру, жетістіктеріне баға беру, қазіргі жағдайы мен әлеуетіне талдау жасап, даму үрдістері мен келешегіне саяси болжам жасау қажеттілігі туындайды.

«Қазақстандық жол» еңбегінде Н.Ә. Назарбаев саяси-экономикалық реформаның әрбір жаңа кезеңі жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тығыз астасып жатуы тиіс деп ой түйеді. Сондай-ақ ол әкімшілік реформалар аса бір маңызды шартсыз – ақпараттық басқарудың қалыптасуынсыз мүмкін емес, тек тұрақты және гүлденген қоғам ғана тұрақты саяси жүйе құруға қабілетті деген тұжырым жасайды.

Қазіргі таңда біздің қоғамда теледидар (эфирлік, кабельдік, спутниктік), баспа, радио, электронды почта, ұялы байланыс, Интернет еркін коммуникациялық кеңістікке айналды. Бұның бәрі негізі ақпарат болып табылатын қоғам құрғанымызды айғақтайды.

Қазақстан әлемдік өркениет көшінен қалмай, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеріп, оны саяси жүйе мен жалпы қоғам өмірінде кеңінен қолданса ақпараттық ғасырдағы тұрақты даму жолына түспек. Халықтың ақпараттануы мемлекет үшін қауіпті болмайды, керсінше егер уақытылы және толыққанды болса пайдалы, игілікті болады. Ең бастысы, ақпараттық қоғамдағы тиімді басқару - толығымен ақпаратқа ие болу мен оны сараптау сапасына тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі таңда ақпаратқа негізделген қоғамда басқару мәселесі өз өзектілігін жойған жоқ және ол болашақта жаңаша қарқын алуы мүмкін. Сол себепті бұл тақырыпты болашақта кеңінен зерттеудің маңыздылығы өте зор деген ойдамыз.



Әдебиеттер

1. *Торфлер Э.* Метаморфозы власти. – М., 2002 жыл.
2. *Гуревич С.М.* Газета: вчера, сегодня, завтра. – М., 2004. – 320 с.
3. *Друкер П.* Эффективный управляющий. – М., 2006.
4. *Абулкасова А.С.* Ұлттық қауіпсіздік көзқарасынан билік пен көпшілікке арналған ақпарат құралдарының қарым-қатынасы. // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы. – 2004. – № 1 (21). – 237 б.

Резюме

Алиев Ш.Ш. Ақпараттанған қоғам жағдайындағы басқаруды әлеуметтік-философиялық талдау

В этой статье рассматриваются основные особенности процесса управления в ситуации информационного общества, когда развитие информационной политики наталкивает на необходимость решения новых проблем, без чего немислимо будущее общества.

Summary

Aliev Sh. Social Philosophical Analysis of Management in Conditions of Informational Society

In this article are considered the basic features of managerial process in a situation of an information society when development of informational policy leads to the necessity of solving many new problems without which it is impossible a stable future of society.

